



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№50 (10 253)

6 желтоқсан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



### Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының астанасында өткізіліп жатқан One Water саммитінің ашылу салтанатында сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы аталған іс-шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін Францияға, Сауд Арабиясына және Дүниежүзілік банк тобына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ жиынды Рияд қаласында бірлесіп өткізген Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазизге және Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа алғыс айтты.

Қазақстан Президенті су қауіпсіздігі орнықты дамудың, экономикалық өрлеудің және қоршаған ортаны қорғаудың негізі болып саналатынын атап өтті.

— Әлемде 2 миллиардтан астам адам сапалы ауыз суға жарымай отыр, ал 4 миллиардтан астам халық су тапшылығына ұшырады. Адамзаттың орнықты келешегін қамтамасыз ету үшін әлем елдері қазіргі сын-қатерлерге қарсы ортақ үн қатуы қажет. Орайлы сәтті пайдалана отырып, су тапшылығымен бетпе-бет келген елдер мен өңірлердің барлығына көмек көрсету жоспарын жариялағаны үшін Жоғары Мәртебелі Корольге шынайы ризашылығымды білдіремін. Жер аумағы көлемді және теңізге шығатын жолы жоқ ел ретінде Қазақстан судың қадірін анық сезінеді. Су таусылмайтын ресурс емес. Мұны өз басымыздан өткерген жағдайдан білеміз. Судың да сұрауы бар. Оны үнемдеп пайдалану керек. Сонда ғана адамзат өркендеу жолына түседі, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған шараларды бірлесіп қабылдауға шақырды.

— Барша адамзат, әсіресе шалғайда тіршілік етіп жатқан тұрғындар мен халықтардың осал тобы санитарлық талаптарға сай келетін таза ауызсуға қол жеткізуге тиіс. Бұл — олардың құқы. Климат пен су инфрақұрылымына арналған мақсатты инвестициялар су көзімен қамтамасыз етіп, орнықты өсімге септігін тиіс етеді. Осы арқылы тұтас өңірлер өркендейді. Қазақстанның таза ауызсуға жаппай қол жеткізуді көздеуінің Freshwater Challenge жаһандық бастамасына қосылуы еліміздің осы мақсатқа жетуге бейіл екенін растайды, — деді Президент.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ONE WATER САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

2024 жылғы 03 желтоқсан

САУД АРАБИЯСЫ, РИЯД ҚАЛАСЫ



Мемлекет басшысының пікірінше, су көздерін өнеркәсіптік, химиялық, ауылшаруашылық және тұрмыстық ластанудан қорғау ісінде технологиялық инновациялар мен реттеу тетіктерін қолдану қажет. Судан таршылық көрмеудің маңызды аспектілерінің бірі — су қоймаларының әлеуетін арттыру, мұздықтарды сақтау, суарудың инновациялық жүйесін енгізу.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұздықтарды қорғау мен зерттеуге арналған жаһандық орталықтарды біріктіретін серіктестік құруды ұсынды.

— Мұздықтар су алмасу циклінде айрықша рөл атқарады. Олар дүние жүзіндегі 2 миллиардқа жуық адамды сумен қамтамасыз ететін өзен-көлдерді қоректендіреді. Сондықтан мұздықтардың еруіне жол бермей, тіршілік нәріне мұқтаж өңірлердегі

су ресурстарын басқару стратегиясын қолдау үшін бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірыңғай су саясатын әзірлеген жөн, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев суға байланысты туындайтын табиғат апаттарының алдын алу су қауіпсіздігінің маңызды бөлігі саналатынына назар аударды. Жыл сайын су тасқыны мен қуаңшылықтан әлемде 1,5 миллиардтан астам адам зардап шегеді. Әсіресе, бұл шағын аралдар мен жағалауда тұратын халықтың әлсіз топтарына қатты әсер етеді. Президент азаматтарды қорғау және қауіп-қатерді азайту мақсатында ерте сақтандыру жүйесін жетілдіру өте өзекті деп санайды.

Мемлекет басшысы су тапшылығы азық-түлік және энергетика қауіпсіздігіне,

өнеркәсіп өсіміне қауіп төндіретінін айтты. Оның пікірінше, ауыл шаруашылығындағы су үнемдеуге және энергияның жаңартылатын көздерін дамытуға салған стратегиялық инвестициялар экономика тұрақтылығын арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға қысымды төмендетеді.

— Суда шекара болмайды. Ол қоғамдастықтар мен экожүйелерді байланыстырады. Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде аймақтық ынтымақтастық пен бірлескен іс-қимылдың ілгерілеуіне қолдау көрсетеді. Біздің ойымызша, климаттың өзгеруімен күрестің алдыңғы шебінде жүрген мемлекеттердің диалогты жандандырып, халықаралық ықпалдастықты дамытуы және суға қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін ресурстарын жұмылдыруы өте өзекті. Осы мақсатқа сәйкес, Қазақстан бүгін жаһандық су дағдарысын шешуге мүдделі тараптарды біріктіретін және су ресурстарын басқару ісінде жаңашылдықты жақтамайтын One Water Vision коалициясына ерекше ықыласпен қосылды. Еліміз 2026 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Өңірлік климат конференциясын өткізеді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы жаһандық басымдықтардың бірі су ресурстары екенін еске салды.

— Су қауіпсіздігі — жай ғана техникалық немесе экологиялық мәселе емес, бұл моральдық императив. Су қауіпсіздігі проблемасын шешу One Water қағидаты аясындағы көпжақты диалогты дамытуды талап етеді. Қазақстан су ресурстарын жаһандық ауқымда басқару ісін нығайтуды көздеуінің осы ұжымдық әрекетке өз үлесін қосуға дайын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саммитте Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Сауд, Франция Президенті Эмманюэль Макрон, Дүниежүзілік банк тобының президенті Аджай Банга, Су ресурстары экономикасы жөніндегі жаһандық комиссияның тең төрағасы (GCEW) Иохан Рокстрем, сондай-ақ басқа да елдердің басшылары, халықаралық ұйымдардың, қауымдастықтар мен компаниялардың жетекшілері сөз сөйледі.

## 3 ЖЕЛТОҚСАН БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ МҮГЕДЕКТЕР КҮНІ!

Егемендік алғалы бері елімізде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау, өмір сүру сапасын арттыру және олардың қоғамға толық интеграциялануы жөніндегі саясат жүзеге асырылуда. Мүгедектер күні мүгедектігі бар адамдарға құрмет пен қолдау көрсетуге, қоғамда азаматтардың тең екенін және оны есте сақтау керектігін білдіреді.

Бұл күн мүгедектігі бар азаматтардың мәселелеріне көңіл бөлуге, құқығы мен денсаулықтарын қорғауға, олардың саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге қатысуына қоғамға келетін басымдықтарға назар аударуға бағытталған.

Ерекше қажеттіліктері бар азаматтар түрлі салада еңбек етеді. Олар Қазақстан Республикасы Парламентінің, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутатта-

ры, мемлекеттік қызметшілер, мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер, заңгерлер, өртістер және т.б. салалық мамандықты игеріп, жетістіктерге қол жеткізуде.

Бұл адамдар өздерінің мүмкіндіктері мүлдем шектеулі емес екенін және олар толыққанды өмір сүре алатындығын дәлелдеп келеді. Олар қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, өз кәсіптерін дамытып, би мен фитнеспен айналысып, әртүрлі спорт түрлерінде де биік белестерді бағындыруда.

Мүгедектігі бар адамдар өмірдің белгілі бір проблемалық аспектілерін талқылауға сарапшы ретінде белсенді қатысады. Мұндай

тәжірибе тиімді шешімдер қабылдауға оң әсер етіп, азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіруге септігін тиіс етеді.

Соңғы жылдары мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялады, ол азаматтарымызға Мүгедектердің құқықтары жөніндегі БҰҰ комитетінің қарауына жеке өтініштер жіберуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік кодекс пен

басқа да заңнамалар қабылданып, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім алуға, жұмысқа тұруға, медициналық, әлеуметтік көмекке және т.б. құқықтарға кепілдік беруде. Мүгедектігі бар ересек азаматтар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтары ашылууда. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесі жетілдірілуде. Республиканың барлық өңірлерінде кедергісіз орта құру бойынша жұмыстар атқарылууда.

Қазақстанда жынысына, жасына, ұлтына, физикалық ерекшеліктеріне және кез келген өзге де сипаттамаларына қарамастан, әрбір адам өзін толыққанды мүшесі ретінде сезінетін инклюзивті қоғамды дамыту жөніндегі жұмыстар өз жалғасын таба бермек.

## Б.ИСАБАЕВ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

## Жетісулық агроөнеркәсіп кешенінің үздік қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар табыс етті

Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің үздік ауылшаруашылығы қызметкерлерін марапаттау рәсімін өткізіп, олардың бірқатарына ел Президентінің атынан мемлекеттік наградалар табыстады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Биыл Астанада ел тарихында тұңғыш рет Ауылшаруашылығы қызметкерлерінің I форумы өтіп, соның аясында Мемлекет басшысы еліміздің әр өңірінен, соның ішінде Жетісу облысынан барған ауыл шаруашылығы саласының өкілдерін марапаттады. Экономиканың өсуі ауыл шаруашылығының дамуына тікелей байланысты. Біздің өңірдің табиғи-климаттық жағдайының қолайлылығы осы маңызды саланың дамуына үлкен ықпал етеді. Бұл ретте біздің өңірде өсірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 65%-ы өзімізде өңделеді. Биыл негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алдық. Мәселен, осы жылы облыста алғаш рет 640 мың тонна қант қызылшасын аламыз. Жалпы 510,1 мың гектар егіс алқабынан 2,1 млн.тонна ауыл шаруашылығы дақылдары жиналады деп күтілуде. Осы жетістіктердің барлығында сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, үлкен үлестеріңіз бар. Біз өз тарапымыздан мемлекеттік қолдау көрсетуді жалғастырамыз. Мысалы, биыл өңірдің агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бюджеттен 35 млрд. теңге бөлінді, - деп атап өткен облыс әкімі Б.Исабаев өңірдің ауыл шаруашылығы дамуына қосқан үлесі үшін шаруашылық өкілдеріне алғысын білдіріп, марапаттау рәсіміне көшті.

«Парасат» орденімен Талдықорған қаласындағы «Самай» шаруа қожалығының басшысы Еркімбек Сляммов марапатталды. Ол өзінің шаруа қожалығының жұмысын 30 жылға жуық уақыт бойы жүргізіп, егіншілікпен, және мал шаруашылығымен қатар айналысып келеді. Қант қызылшасы, жүгері, соя, бидай, арпа, сондай-ақ, ірі қара мен жылқы өсіреді. Шаруашылықта 50-ге жуық ауыл шаруашылығы техникасы бар.

Ал, Ақсу ауданынан «Дәулет» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Биәділов пен Алақөл ауданынан «Асыл тұяқ» ЖШС құрылтайшысы, бас директоры Думан Нағашбекұлы «Құрмет» орденіне ие болды.

Дәулет Көшербайұлы ауылшаруашылығы саласында 22 жылдан бері еңбек етіп келеді. Негізгі бағыты – қызылша өсіру. Бүгінгі таңда «Дәулет-Б» шаруа қожалығы - Ақсу қант зауытына қызылша өткізетін аудандағы ірі шаруашылықтың бірі. Сонымен қатар фермер ауданның аз қамтылған және көп балалы отбасыларына тұрақты қолдау көрсетіп, қайырымдылықпен белсенді айналысып келеді.

Сол сияқты «Асыл тұяқ» ЖШС асыл тұқымды ірі қара мен қой өсіріп, малдың жаңа тұқымдарын шығарады. Сөйтіп, экспорттық әлеуетін арттырып, етті мал



шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосып жүр.

Өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі ескеріліп, 2002 жылдан бастап Кербулақ ауданындағы «Нұрқадам» ШҚ жүргізушісі әрі механизаторы болып жүрген Нұрбол Сайдақұлов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Марапатталғандардың атынан «Самай» ШҚ басшысы Еркімбек Сляммов сөйледі.

- Менің шаруашылығымның жері тасты. Сондықтан жоғары өнімділікке қол жеткізу өте қиын. Бірақ қазіргі заманғы техниканың, агротехнологияларды сақтаудың, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың және шыдамдылықтың арқасында қазір осы учаскелерден 550-600 центнерден қант қызылшасын алып отырмыз. Біз табысты дамудың осы қарқынын сақтап қалуға бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, - деді ол.

Еске салсақ, жуырда Астана қаласында өткен ауылшаруашылығы қызметкерлерінің I форумында Жетісу облысының тағы бір шаруашылығының өкілі, Панфилов ауданында тамшылатып суару технологиясымен жұмыс істейтін «Өйгерім» шаруа қожалығының басшысы Ұлан Сарпеков Президенттің қолынан «Құрмет» орденін алған болатын.

Жалпы Жетісу облысында 10 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 362 млрд. теңгеден асты, ал жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткішті 102,5%-ға, яғни, 518,2 млрд. теңгеге жеткізу жоспарланып отыр.

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**



Бүгін облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданына барған жұмыс сапары аясында аудан тұрғындарымен кездесу өткізді, - деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Халықпен кездесуде баяндама жасаған Бейбіт Исабаев әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шараларға, облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытудағы ауданның қосқан айырықша үлесіне назар аударып отырып, өңірдің алдағы жоспарларына, басқа да негізгі бағыттарға тоқталды. Аудан басшылығының алдына жер қатынастарына қатысты бірқатар міндеттер қойды, атап айтқанда жердің мақсатты пайдаланылуын бақылау, конкурстар мен аукциондар арқылы жер беру жұмыстарын жандандыру жүктелді.

- Өткен он айдың қорытындысы бойынша Жетісу облысындағы қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш 112,6% құрады. Бұл - республика бойынша жоғары көрсеткіштердің бірі. Біз әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткізілген оң қарқынын сақтап, биылғы жылды сәтті аяқтаймыз деп жоспарлап отырмыз. Бірінші кезекте халықты сапалы ауыз сумен, табиғи газбен, жолдармен, тұрғын үймен, әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуге бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Мысалы, соңғы 2 жылда тек бір Ескелді ауданының өзінде нағсаулық сақтау, мәдениет, спорт сияқты әлеуметтік салаларда 18 блок-модульді нысан іске қосылды. Соңғы деректер бойынша Ескелді және шекара маңындағы Панфилов аудандары инфрақұрылымды дамытуда көш бастап тұр, - деп атап өтті өңір басшысы Б.Исабаев.

Инфрақұрылымды дамыту жайына тоқталған облыс әкімі келесі жылы Бақтыбай ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге және Қарабұлақ ауылында саябақ салуға қатысты мәселелер толығымен шешілетініне уәде берді. Бейбіт Исабаева газбен жабдықтау, сапалы ауыз сумен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ жолдарды жөндеу мәселелеріне де назар аударды. Атап өтсек, 2022-2024 жылдары Ескелді ауданына әлеуметтік нысандарды салуға, реконструкциялауға және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 25,9 млрд. теңге бөлінген.

Сонымен қатар Бейбіт Исабаев өткен жылғы кездесуде аудан тұрғындары көтерген проблемалық мәселелерге байланысты қабылданған шараларға тоқталды. Мәселен, бүгінгі таңда 2 мәселені толығымен шешілген. Атап айтқанда, балабақша ғимаратына күрделі жөндеу және М.Баисов ауылындағы спорт алаңына жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, Көктөбе ауылындағы жолдарды жөндеу және Шымыр ауылындағы Абай көшесін жарықтандыру үшін техникалық - экономикалық негіздемелер әзірленді. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары бар, жұмыстар келесі жылы жүргізіледі. Ақын Сара ауылында арық жүйесін салу да 2025 жылға жоспарланған.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойды. Атап айтқанда, Көкжазық ауылының тұрғыны газдандыруды аяқтау, жолдарды жөндеу және ауылды жарықтандыру мерзімдері жайлы сұрады. Белгілі болғандай, қазіргі кезде көшелерді жарықтандырудың кейбірі тіректері жұмыс істемейді, осыған байланысты кепілдік міндеттемесі аясында мердігер ұйым бұл мәселені қысқа уақыт ішінде реттеуге міндеттенеді. Газдандыру мен жол жөндеу жобалары өтпелі жоба қатарында, сондықтан келесі жылы аяқталады. Тағы бір тұрғын Қаратал ауылынан аудан орталығына – Қарабұлақ ауылына дейінгі жолдың сапасына алаңдайды. Осы мәселе бойынша облыс әкімі жауапты тұлғаларға нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Атап өтсек, Қаратал ауылында биылғы жылы мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңа блокты-модульді мәдениет үйі мен ауыл әкімдігі пайдалануға берілді. Облыс әкімі ауданға сапары аясында аталған жаңа нысандардың жұмысымен танысты. Жаңа 100 орындық мәдениет үйінде кітапхана, акт және спорт залдары, вокал, би, шахмат, бокс үйірмелері бар. Ауыл әкімдігіне келетін болсақ, 60-шы жылдардың соңындағы ғимарат апатты жағдайда болған. Енді қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуі үшін жаңа ғимаратқа қажетті жағдайлар бар. Еске салсақ, Қаратал ауылдық округінде 2400-ге жуық тұрғын тұрады.

Сонымен қатар осы күні облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

## ●"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

### Тазалық акциялары жалғасуда



ры Тимур Губашев: «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен «Таза Қазақстан» акциясы кең ауқымды республикалық деңгейге ие болғанын атап өткізіп келеді. Біз бұл әрекетті көшедегі тазалықты сақтау ретінде ғана емес, сонымен қатар өзімізді таза ұстау ретінде

қабылдауымыз керек. «Таза Қазақстан» бағдарламасының негізгі идеясы – барлық қазақстандықтар қолдауы тиіс жаңа экологиялық және қоғамдық этиканы қалыптастыру», - деп атап өтті.

«Қазақстан студент альянсы» Жетісу облыстық филиалының төрағасы, эко-

волонтер Ескендір Имандос: «Сәуір айынан бастау алған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс жастарының ұйымдастыруымен 500 аса шара өтті. Жастардың бойына игі істерді дарыту барысында олардың қызығушылықтарын ескеріп, біз тазалық жұмыстарының пайдалы әрі қызықты бола алатынын көрсеткіміз келеді. Жастардың жаңа ортасы тазалыққа жақын болса, келесіде осы қатысушы өзінің тағы бір досын ертіп келеді. Сөйтіп, тазалыққа жақын, туған жерін аялайтын нағыз жанаушы жастарды қалыптастыра аламыз. Осы тұста «Таза Қазақстан» бағдарламасының қоғамға берері зор екенін айтқым келеді, - деді.

Айта кету керек, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Жетісу облысында жалпы 2 322 техника жұмылдырылып, нәтижесінде 12 822 тонна қоқыс шығарылды. 193 саябақ пен скверді, 721 тарихи-мәдени ескерткіштерді тазарту жұмыстары жүргізілді. Бағдарлама аясында облыс аумағында 56 мыңнан астам түп көшет отырғызылды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы Жетісу облысында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды.

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛДЫ.**

## Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өткізілді



2024 жылдың 29 қараша күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Ақсу ауданының сервистік әкімдігінде «Ақсу ауданының экономика және қаржы бөлімі», «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі», «Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемелерімен мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өткізілді.

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР  
МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
БӨЛІМШЕСІ.**

## БЫЛ ЖЕТІСУДА ОБЛЫСТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ 193 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП БІТЕДІ



Биыл Жетісуда облыстық деңгейдегі 193 шақырым жол мен 54 елді мекеннің ішкі жолдары жөнделіп бітеді. Сол қатарда аудан орталығы мен ауылдардың арасын қосатын жолдар, ауылдардың кірме жолдары, көпірлер, ауылшілік жолдар бар. Осылайша 2024 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесі 94% жеткізіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мәселен, Қаратал ауданында отыз жылдан астам уақыт жөндеу көрмеген шалғайдағы Көпбірлік ауылына апаратын жолға жөнделіп, жуырда пайдалануға берілсе, осы аудандағы тағы бір маңызды жол - «Үштөбе - Ортатөбе - Кішітөбе» бағытындағы автотрассаның құрылысы бітуге таяу.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың Қаратал ауданының халқымен кездесуінде көтерілген аталған жолдардың мәселесіне орай бюджеттен қаржы қарастырылып, жөндеу жұмыстары осы жылдың сәуір айында басталған болатын. Бүгінде құрылыс жұмыстары 95 пайызға аяқталған.

Үштөбе-Ортатөбе-Кішітөбе жолының жөндеу жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілді. Жалпы ұзындығы 11 шақырым жөнделді. Мұнда екі қабатты, қалыңдығы 10 см жабын төселді. Қазір абаттандыру, жол белгілерін орнату жұмыстары атқарылып жатыр, - дейді Қаратал аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Талғат Уалиев.

Соңғы жылдары ауылдық

жерлердегі инфрақұрылымға ерекше көңіл бөліне бастағанына, халық көтерген мәселенің оң шешілгеніне қатысты тұрғындар да пікір бөлісті.

Сонау 1974 жылы Жылыбұлақ ауылынан осы елді мекенде тұрамын. Быыл аудан орталығымен ауылды жалғайтын жолымызды жөндеп берді. Оған қоса алты көшесі бар ауылымыздың төрт көшесі жаңғыртылып, асфальт жабын төселді. Бұған дейін жаңа мектеп салынып, балаларымыздың игілігіне берілген болатын. Оған қоса медициналық пункттің бітуіне де аз қалды. Ауылдық жерге көңіл бөлініп жатқанына халық риза, - деді Ортатөбе ауылының тұрғыны, ардагер Ораз Шеттібайұлы.

Жалпы 2024 жылы Жетісу облысында жолдарды салуға және жөндеуге 40,6 млрд. теңге бөлінді, облыстық маңызы бар жолдардың 38 шақырымына құрылыс пен қайта жаңғырту, 155,4 км - орташа жөндеу, 60,6 мың ш.м. ағымдағы жөндеу және 54 елді мекенде 157 км кентішілік жолдарды салу мен реконструкциялау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сол сияқты Балқаш көліне дейінгі 132 км. жол келесі жылғы туристік маусымға дейін толық пайдалануға беріледі.

Бұдан бөлек облыс аумағында республикалық маңызы бар автотолдарды қайта жаңғыртуға бағытталған ірі жобалар іске асырылды. «Үшарал-Достық», «Талдықорған-Үшарал» автотолдарын қайта жаңарту аяқталуға жақын. Оған қоса «Сарыөзек - Көктал» және «Айдарлы-Көктал» автотолдарының учаскелерінде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

## АДАЛДЫҚ, ПАРАСАТТЫЛЫҚ, СЕНІМ



Ақсу аудандық "М.Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінде, облыстық Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жастарға бағыт - бағдар беру, қоғамдық ортада белсенділіктерін арттыру мақсатында «Адалдық, парасаттылық, сенім» тақырыбында TED x форматында кездесу өткізілді.

Жоғарғы сынып оқушылары, жастар мен әр ауылдан келген мәдениет қызметкерлері қатысқан бұл семинар өте жоғары деңгейде өтті.

"Жетісу" газетінің бас редакторы, ақын, жазушы Жұматай Әміре өз жұмысының мықты маманы екенін көрсете алды. М.Мақатаевтың жерінен шыққан Ж.Әміре ақын өлеңдерін оқып, көпшілікті тәнті етті. Жетісу жерінің дара, дана тұлғалары шыққан Жер жанаты Жетісу жеріне келіп сұхбаттасып, жүздескенің өзі үлкен мәртебе, - деп киелі Ақсу жастарына ой сала білді. Жаны жайсаң жомарт жазушы Жұматай мырза ақын өлеңдерін оқыған әр балаға сый - сияпат та көрсете отырып,

Ұлы тұлғалар Абай мен Илияс, Мольқбай мен Барлыбек сынды ақын-жазушылар туралы ой қозғап, көпшіліктің алдында өзгенің емес өзінің де рухани азық алғанын мақтанышпен айтты. Сыбайлас жемқорлық туралы, жастар санасын улап емес, жемқорлық дегеннің өзін не екенін түйсігіне құя білсек, кейін алдарынан кездесетін талай тосқауылдардан өтер еді, - деп тоқтала кетті. Телефон зардабынан қоғамның ақсап, сөз алып ортаға шығатын жастардың азайып бара жатқаны жанға бататыны, кітап оқуға деген құштарлықтың азайып, ойсыз сөйлей салатын жастардың болашағынан қорқу керек, - деген ұғым әркімнің санасына кеткені анық.

Адалдық, Прасаттылық, Сенім ұғымдары әр жастардың бойынан табылып жатса, ертеңгі өмірлеріне алаңсыз жүрер едік. Бір - ақ ауыз сөзбен қорыта келгенде, болашақтан үміт күтсең, өзімізден бастау керек шығар. Білімді, парасатты болу үшін ең бастысы адами қасиеттен айырылмайық.

**Э.РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,  
Ойтоған ауылдық  
клуб әдіскері.**

## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жеке түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады, өмір сапасы болып табылады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізуі. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- 1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;
- 2) Мемлекеттік корпорация арқылы;
- 3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы және жылжымалы желінің абоненттік құрылғысы арқылы көрсетіледі.

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Қоғамның сенімі - мемлекеттік қызметтің сапасына негізделгені айтпасақ та түсінікті. Сондықтанда тікелей халықтың мемлекетімізге деген сенімі қызмет көрсету дәрежесіне байланысты өседі.

Мемлекет басшысы өз Үндеуінде «Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз — жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес, бұл — туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» - деп айтқанының өзі елге қалтқысыз қызмет жасау керегін айқындап отыр.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді. Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақытылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді. Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Егемендік алған жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі оңтайлы өзгерістер орын алып келеді. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасал-

ды. Мемлекеттік қызмет жүйесін электронды форматта жетілдіру және оған азаматтардың еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үкімет алдында тұрған маңызды стратегиялық міндеттің бірі болып табылады.

Егінсу ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемелер ғимараттарында орналасқан «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышында арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы, Mgov, Telegram-бот, @EgovKzBot мобильді мессенджерін пайдалану арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындар қолжетімді, кедергісіз алуға.

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қилының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді. Осы жылы Егінсу ауылдық округі әкімі аппараты арқылы 148 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Округ аумағындағы қалыптастыру процесін автоматтандыру үшін @Egov.KZ ПОРТАЛЫ енгізілген. Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың автоматтандырылған түрінің артықшылықтары — олардың қолжетімділігі және бенефициарлардың қолайлылығында. Қызметтерді автоматтандырылған режимге ауыстырудың негізгі артықшылығы ретінде мыналарды атап өтуге болады: қызмет

алу туралы ақпарат алуға қолжетімділік; мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін жеңілдету, қызмет алуға байланысты уақытша шағындарды қысқарту; үйден немесе жұмыс компьютерінен мемлекеттік қызметтерге өтініш беру мүмкіндігі.


Электрондық үкіметті дамыту дегеніміз біріншіден, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдың азаюына негіз тұдыру.

Үшіншіден, Рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік орындардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығы зор. Қорытындылай келе, «Егінсу ауылдық округі әкімі аппаратының» негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға ыңғайлы үнемі жағдай жасау болып табылады. Мемлекеттік қызметші өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру барысында азаматтардың қажеттіліктерін танып, олардың үніне құлақ асуы керек. Қабылданатын шешімнің заңдылық, объективтілік ережелеріне және мемлекет мүдделеріне сәйкес келуін ескерген жөн. Бұл қағидаттардың барлығы мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастың тұрақты болуына үлкен үлесін қосары сөзсіз!


**Шәрбат СЕРҒАЛИҚЫЗЫ,  
Егінсу ауылдық округінің бас  
маманы, іс — жүргізушісі.**

## ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ "Жолдастар" романы: ШЫНДЫҚ және КӨРКЕМДІК ШЕШІМ



Айдаған осы жолға кедейшілік Арқаның арқамызға қатты батты. Осы бір өлең шумағы бүкіл оқиға арқауынан хабар беріп тұр. «Қояндыдағы» бай не үшін барады, кедей не үшін барады? Бар болғаны бір қоңыр сиыр, төрт ешкімен қалған Сәтбалға үлкен бала-

ұғым болғанымен, оның мәні неде, ол қалай өтеді, қалай жүргізіледі? – деп жіктейтін болсақ, бұл дәуір туралы жазылған еңбектердің ешқайсысынан дәл Жансүгіров романындағыдай толық жауабын ала алмайсыз. Ал «Жолдастар» романында жылына жәрмеңкеге



жетпіс мыңнан кем қой салмайтын, дала капиталісі Шалматай саудасы арқылы бұл операция алақанға салғандай суреттелген. Әрі бұдан осы бір қыр капитализмі механизмінің іске асу жүйесін жазушының өмірде терең білгендігін аңғаруға болады. Өлбетте, байлардың жәрмеңкеге әкелген мыңдаған, он мыңдаған қойлары бір базарда түгел өтіп кетпейді, саудаға жарамай қалған ақсақ-тоқсақ, ауру-тұрақ мұндай қойлар жылда жәрмеңке тарқарда аманатқа алушыларға таратылып отырады. Бай бағамын дегеннің аты-жөнін нотариус алдында жаздырып, «ақ вексілге» бере береді. Бұл істің аты да осыдан шықса керек. Жазушы жәрмеңкеге жылына жүз мыңға жуық қой айдаған ірі көпестің, тыннан тын туғызған қу тұяқ саудагердің малдарының қалай құрылып, қалай сатылатынын, оқырманға қолмен қойғандай, түсінікті әрі көркем тілмен жеткізген. Романның өн бойында мұндай тақырыбы оның ашылған шағын сюжеттер молынан кездеседі.

Қорытындылай келе, «Жолдастар» – қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-психологиялық роман жазу барысындағы алғашқы сәтті тәжірибелердің бірі, өмірлік мазмұны терең, эстетикалық әсері күшті сапалы шығарма. Осындай терендігімен, биіктігімен ерекшелінетін өлмес шығарма, қаламгер Ілияс Жансүгіровтің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің көтерген олжалы жаңа белесі екені сөзсіз.

## І. Жансүгіровтің "Бөбек бөлеу" өлеңіне жазылған жаңа ән



«Бөбек бөлеу» өлеңі – 1926 жылы жазылған. Өлеңнің ойы – терең, өрнегі – өзгеше. Ана өз бөбегін халық ұғымындағы ең жақсы нәрселердің бәріне теңейді. Ананың сәбиіне деген ыстық сезімі, елжіреген жүрегі, шексіз махаббаты байқалады. Бөл - бөл бөбек, бөл бөбек. Бөріден бөстек кі бөбек. Ерінбей еңбек ететін, Еліңе бол елгезек. Бөгелмей білім, біл, бөбек. Білмеген білім бекерсің, Бет алдына кетерсің. Елге есті ер керек. Ер жет, Есей ертерек. Баласын бесікке бөлеген ана сәбиіне қоятын осындай талабын өлең етіп, онымен ерекше ілтипатпен тілдеседі. Алдымен

«төрт есікті бедерлі бесігіне - өз отауына» енуін өтінсе, сосын анасы баласының саусақайын, салбыраған қос білегін тамашалайды, бөлегенге жөнге көнуін, тілалғыш болуын талап етеді. Баланың «қос жұлдызын» жұмып, жақсылап демалуын, ұйықтағаннан кейін ерте тұруға үйренудің де пайдасы зор екендігін ескертеді. Ақын ауыз әдебиетіндегі классикалық дәстүрді ары қарай дамытады. «Бөгелмей білім, біл бөбек, елге есті ер керек» - деп өз заманының бөбектеріне тіл қатады. І.Жансүгіровтың ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан - ұрпаққа жарасымды жалғасын келе жатқан «Бесік жыры» негізінде жазылған бұл өлеңінің маңызы зор. Балаға

сәбилік шақтан сезімдік тәрбие беру міндеті көзделеді.

Енді, міне, осындай тәрбиелік мәні зор өлең өндірісінде шығып, Қытай халқының сахнасында орындалып жүргенін қуана қазақ жұртына хабарлаймыз.

Жақында Ілияс Жансүгіров әдеби музейіне Қытай Халық Республикасы, Тарбағатай аймағы, Шәуешек қаласы, Толы ауданының тұрғыны, Шынжаң жазушылар қоғамының мүшесі, Шынжаң композиторлар одағының беделді композиторы Думангүл Мұратжанқызы келіп қайтты. Қытайда қолына Ілияс Жансүгіровтің 1926 жылы жарық көрген «Бөбек бөлеу» (Ана жыры) өлеңі жазылған ескі газет түседі. Газеттің жоғарғы

бөлігі жыртылғандықтан, өлең аты белгісіз күйінде қалып, тек өлең сөздері мен соңында «І.Жансүгіров» деп жазылғандығын көреді. Ақынның өлеңі ұнағаны сонша, композитор сол өлеңге ән шығарады. Әнге «Ана жыры» деп ат қояды. Кейіннен өлеңді Қытайда жариялап, сахнаға шығып орындап, үлкен марапатқа ие болады. Қазақстанға Алматы қаласындағы туған - туыстарына келгенде, арнайы Талдықорған қаласына атбасын бұрып, І.Жансүгіров әдеби музейі бар екенін естіп, шығарған өлеңін музей қорына табыстап кетті.

Тіпті, Қытай сахнасында орындалып жүрген «Бөбек бөлеу» әнін қазақ елі арасында да кең таратсақ деген ойымыз бар. Себебі, өлең тек баланы әлдилеп, ұйықтату мақсатын көздемейді. Балаға ұлттық тәлім-тәрбие, ата-анаға қолғанат болу, елдің ертеңі болар азамат болу міндетін кішкентайынан құлағына сіңіру керек екенін жеткізеді. Және де әрбір жас ана ақынның «Бөбек бөлеу» өлеңімен сәбиін әлдилеп бесікке бөлесе, қазағымыздың ұмыт болып бара жатқан салт - дәстүрінің жаңғыруы, дәріптелуі деп қабылдар едік. Себебі, бесікке жатып, бесік жырын тындап өскен қазақ баласының денсаулығы да мықты, ибалы, тәрбиелі, ана сүтімен дарыған ұлттық болмысты сақтай алатын азамат пен азаматшалар болып өседі деп ойлаймыз. Сондықтан, Ілияс атамның әр өлеңінің болашақ жастар үшін тәрбиелік мәні жоғары деп айтымыз келеді.

Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,  
І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Оралбек Жақиянов Алакөл ауданындағы қызметін Исағұл Жолжанов, Құсайын Садықов, Болысбек Оспанов, барлық саны жиырма, ақсақалдармен жиын өткізумен бастайды. Жайы жоқ елдің жақ ашып сөйлеуі жалпақ жалғанды тарылтатыны белгілі. Олардың негізгі түйін талаптары: 1. Жарық, 2. Ауыз су, 3. Көше жолдарын ретке келтіру болады. Оралбек Жақиянов залым заңның талайын көрген. Дүние кетер болса, өпкеніңмен теппейді, бері бет-теп келер болса, келкеніңмен кетпейді. Ақсақалдардың орынды талаптарын орындауға аудан басшысы Оралбек Жақиянов қызметкерлерін жұмылдыра кіріседі.

Ұлылығы мен мәдениеті басы, ақ жүрек ұжданды, шат көңіл Оралбек Жақиянов Алакөл ауданы басқарғанында аудан орталығы Ушаралдағы тоқ бөлетін подстанцияларды оңдатып жарық және су соратын сораптар мен құбырларды жөндеп, ауыз сумен қамтиды. Электр энергиясы мен су берілген соң кәсіпорындар жұмысына қан жүгіреді. Аудандағы «Тоқжайлау» өндірістік кооперативін сортты тұқымдар әзірлеуге мамандандырады. Соя мен жүгері өсірудің көлемі 10 мың гектарға артады. Бидай мен арпа егудің сапасына мән беріледі. Тың жерлерді игеру салмағы молайды. Тың жерлерді игеру көлемі мың гектарға жетеді. Жиырмадан астам мал ұрықтандыру пункттері жұмыс істейді. «Тоқжайлау», «Майтөбе» шаруашылықтары асыл тұқымды мал өсіреді. Ауданда 30 диірмен, 26 май сығатын, 2 шұжық, 6 кеспе шығаратын, 2 сүт өңдейтін цех, 14 наубайхана іске қосылады. Жүзден астам адам шаруа қожалығын құруға жер алады. Ауылдағы он тоғыз мектептің шатыры жаңартылады. Қырық мектепке сұйық отынмен жұмыс істейтін шетелдік пештер қойылады. Мектептер тегіс компьютерлендіріледі. Ауданда екі орталық аурухана, үш ауылдық аурухана, бес фельдшерлік-акушерлік пункт, он сегіз дәрігерлік амбулатория қызмет жасайды. «Тентек» өзенінің көпірін оңалтып жөндетеді. Қысқа мерзімде ауданды құлдыраған тығырықтан алып шығып, облыс бойынша алдыңғы қатардағы ауданның біріне жеткізеді. Алакөл ауданының 80 жылдығын жарқыраған табыс-жетістіктермен атап өтеді. Алакөл ауданының 80 жылдығына арналған суреттермен әспеттелген энциклопедия кітабы шығады. Тегеурінді Оралбек Жақиянов Ушарал жол айырығында Қабанбай батырға ескерткіш, орталықтан Д.А.Қонаевқа бюст орнаттырады.

КПСС ОК-нің бюро мүшесі, үш мәрте социалистік еңбек ері Қонаев Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы (1912 - 1993 ж.ж.) - 1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары, 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы болған.

Қазақстан Орталық комитеті хатшылығынан 16 желтоқсан 1986 жылы алынады. Президент Қ.К.Тоқаевтың ұсынысымен Қапшағай қаласының атауы 2022 жылы наурыз айында «Қонаев» дей өзгере, Алматы облысының орталығына айналды.

Авторы Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыхан «Қаракерей Қабанбай» кітабында Қабанбай батыр туралы «тасқын» ақын Мырзағұлұлы Толғанбай: Ерасыл жалғыз атпен келді елінен, Мал тапты, бас құрады еңбегімен. Жалынсыз еріншек пен ездің ісі, Баймын деу біреудің бергенімен. Келісімен Ерасыл жылқы бақты, Ертіп ап Ізбасарды, түлкі қақты. Қайратымен атанып Қабан батыр, Міне бүгін байыды, ебін тапты. Қабанды қайраты мол «қабан» десе, Қас дұшпаның талқандар шабам десе. Болмас па ең сен де сондай көзге түсіп, Қайратты Тәңір сондай саған берсе. Абыройлы еліне қадірменді, Дұшпаны қалтырайды Қабан десе. Көре алмайды сыртынан талай ынжық, Орын берер түрегеп Қабан келсе. Елімен бақытты ер болады, Ел жауынан қорғанар еріменен. Құрбылықтың орны бар сиятуғын, Сөзді айтқан ұнасар орныменен, - деген өлеңмен суреттеп деректейді. Қабанбай батырдың ерліктеріне халық сүйінген. Қабанбай батыр қайтыс болғанында сөздерін қауым мақұл көрген Айтбекұлы Саршұаш шешеннің:

Тоғыз таңбалы Найманнан,  
Тоғыз құйрық ту алып,  
Тоғыз түмен қол шықса,  
Қолағасы – Қабанбай! – дегенін ісі қазақ мақұл көрген. Оралбек Жақиянов: - Әуақты рух керек. Өлілерге емес.

## ҒИБРАТ ҒҰМЫР

Тірілерге. Ең алдымен бүгінгі жас ұрпаққа. Қазақтың мына байтақ даласын ешкім бізге сыйға тартпағанын, бұл даланы батыр бабаларымыз ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғап қалғанын жастар білуі керек. Патриоттық тәрбие дегеніміз – міне осы, - дей, қадыр ұққан тірлікте өнегелі іс жасатып, екі ескерткіш қойдырды.

Әр жұмысты әуел бастан ойластырып, ауданда балық өңдейтін маңызды екі цех аштырып, жарқын оймен балық өнімдерін шетел нарығына шығаруға жол ашды. Екі миллион балық шабағын арнайы Қапшағай қаласынан алдыртады. Суында балығы жоқ Сасықкөлге жіберте, балық тұқымын көбейтуге септік жасайды. Тоқтап қалған Бескөл ауылында қант зауытын қайта іске қосуды жоспарлайды. Ушарал маңайынан әртүрлі мөлшерде қиыршық тастарды дайындайтын екпінді екі асфальт зауытын аштырады. Оралбек Жақиянов «ауылдың мәні өзгереді, көретін оны көз керек» дей Ынталы ауылында ГЭС, аудан орталығы Ушаралда спорттық ойындар залын салдырып, орталықта санитарлық жүйелерге сай базар аштырады. Қиранды ғимараттар мен құрылыс қоқыстарынан арылтып, Ушаралдың ішін тазартып, ретке келтірді. Ауыл қатынас жолдарын түзеттіре, асфальт төселеді. «Достық» кеден бекетіне апаратын асфальт жолдың да бастамасы жасалады. Аудан бойынша барлық ауыл шаруашылығы өнімдері мен балық аулау жоспары толық орындалады. Халық шығаратын қолөнер тауар түрлері артады.

Аханов Әлмен: «Оралбек Жақияновты аудан халқы нысандардан жиі кездестіретін. Барлық шешімдерді дер кезінде жасап, орындалуын өзі қатаң қадағалайтын», - дегенді кітабында жазды. Алакөл ауданының бас прокуроры болған Марат Асқарбеков:

- Алакөл ауданын басқарғанында Оралбек Жақияновтың мәрттігін көзіммен көрдім. Үйретері жетерлік, өділдігі сай, арда азамат, - дейді.

Ауданның табиғатына көз тұнады. Күн шығыс жақ шеті көл болса, бір жағы жазықты дала мен келбеті әсем тау. Аң-құс жырытылады. Ауданда Оралбек Жақиянов аңшылар қосанын аштырып, шет елден туристер тартылады. Олардан құйылған ақшасымен аудан бюджетіне кірістер кіргізеді. Алакөл жағалауына демалыс орындарын жеке кәсіпкерлер жасауына мұрсат жасайды.

Халық қалауымен Қазақстан Республикасы Мәжіліс парламентіне депутат болып сайлануы қарсанында Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов жергілікті кадр Қарасаев Бағдад Әбілмәжінұлын Алакөл ауданы әкімінің орынбасары қызметіне қазан айында 2004 жылы алады. Қараша айында ол Алакөл ауданының әкімі болып тағайындалады. Оралбек Жақияновтың жасаған үлгі жолы жергілікті жерден кадрлар дайындалуына үлқұра ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасы Мәжіліс парламентіне депутат болған Оралбек Жақияновқа меценат Бауыржан Оспанов:

- Аға, еліміздің ордасы Астанаға бара жатырсыз. Сіздей халық адамына жау жүру сөкет, - деп су жаңа «Нисан» маркалы джип автокөлігін сыйға тартып, құрметтей шығарып салады.

Бауыржан Оспановтың Оралбек Жақияновқа деген ықыласы ерек. Өлі күнге үзілмеген. Ұдайы хал-ахуалын сұрап тұратын жарасқан інілерінің бірегейі.

\*\*\*  
Елтұтқа бола білген Оралбек Жақиянов Өз-Тәуке ханның елшісі болған Малтабарұлы Қабай батыр, жоңғарды шапқан Маймылұлы Досай батыр, Айтбекұлы Саршұаш шешен, би, қасиетті Мәмбетәліұлы Өсен, Көсем, Көсемұлы Мүсәпір, 1902 жылы Қопал уезі, Төменгі-Ақсу болысының болысы болып сайланған Тонтайұлы Даданбек, Ноғас-Байғазы бөлімінің 1839 жылы старшинасы Тобанұлы Байтулақ, 1850 жылғы старшина Бозайынұлы Ошаған, Ноғас-Досай бөлімінің старшинасы Қожагелдіұлы Сайманбет, Көккөзұлы Саяқәулие аталарының рухтары қолдаған абзал, арда азамат.

XVII ғасырда Ресей патшасы I Петр мен қазақ ханы Өз-Тәуке арасында екі жақты ел арасындағы байланыстар жанданады. 1683-1693 жылдар аралығында Өз-Тәуке хан Ресейге бес мәрте елшілік жібереді. Өз-Тәуке ханның елшілері Қаптағай Сары мен Көлдей, Қаракерей Тұманшы мен Кенже-Ноғас Малтабарұлы Қабай батырлар, Құлтыбай Аталықовтар Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы байланыстарды жүргізуге белсенділіктер танытады. Осы аталар жол-үлгісімен ақыл, ой, талап, сабыр, халық, арман,

ЕҢБЕК АДАМЫ



ар сақтау, ардақты ғұмыр сүру, ең қажеті – сыйластық деген Оралбек Жақиянов ешқашан біреуге шіренбей, шіренгендер кез болса кішіреймей, қарағаштай қайсар бола білді. Көпшілікке жарасымды мінезін еш құлатпады. Жақсыны да жаманды да тең көре, медет пен ден берді. Жарамсақ жандарға ұқсап, ешкімге көбелек сынды жалпыламады. Өмірлік тәжірибесі мен білгені мол, жақсы мен жаманды айыра білетін Оралбек Жақияновтың өнегесі тәлімді.

Патриотизм қуаты бойында, тарих алдындағы, келешек алдындағы жауапкершілігі жетілген Оралбек Жақиянов:

- Егде ұрпақ социализм мен коммунизм идеяларымен өсті. Ал, қазіргі жастар бай болғылары келеді. Ұжымшылдық пен патриотизм сияқты асыл ұғымды місе кермейді. Аға ұрпақтың даналығы, ақылы керек-ақ, - дейді.

Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов 2004 жылдан төрт жыл Парламент Мәжілісінің депутаттығында заңдар жасай, өзгерте, толықтыра, мемлекеттің өркендеуіне себін тигізген депутат. Денсаулық сақтауда, әлеуметтік қамтамасыз ету мен білімде алда болуын, заңның жұмыс істеп орындалуын, салық – адамдар үшін, ауылды өркендетуді ТМД, Қазақстан Республикасы бойынша көкесен халық жанашыры. Жүрегімен, жанымен, заңмен қызмет сіңірген майталман. Салынып жатқан Алматы мен Талдықорған автобан жолын назарында ұстап, ретімен ұдайы қаржымен жоғарыдан қамтылуын қалт жібермеген депутат. Сарқан ауданындағы елді мекенді ауыз сумен қамтудың қамына жоғарыдан қаржы бөлдірету депутаты құзырымен ықпал еткен тілеулес.

Қобызшы Молькбайдың 150 жылдығына арналған ғылыми-танымдық конференция Талдықорған қаласында 2007 жылы 16 мамырда Ілияс Жансүгіров мәдениет сарайында өткізілді. «Қобызшы Молькбайдың еңбегі өшпейі керек» деген ұғыммен конференция өтуіне ықпал еткен Қазақстан Республикасы Мәжіліс палатасының депутаты Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов болатын.

Қобызшы ҚазҰМА профессоры Раушан Қожабекқызы Мұсақожаева, Қазақ Ұлттық консерваториясының доценті Әбдіманап Жұмабекұлы, Астанадағы ұлттық музыка Академиясының доценті, күйші Жанғали Жүзбаев, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Серік Жанәбіл, Алматы облыстық мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жанпейіс, Алматы облысы халық шығармашылығы басқармасының бастығы Ерлік Әлімқұлов, қобыз бен күй мамандары конференцияға қатысты. Арнаулы баяндамалар жасады. Ғажабы, қобызшы Молькбайдан кейін 77 жыл ойналмай тұрған жарық қара қобызды Оралбек Жақияновтың атсалысуымен реставрациядан өткізіп, Жансүгіров мәдениет үйінің сахнасында екі күнді Әлқұат Қазақбаев орындады. Қаз ҰМА профессоры Раушан Қожабекқызы Мұсақожаева:

- Қобыздың үніне оркестр жетпейді. Ғаламат! Қорқыт күйлері әлі тірі. Қобызшы Молькбай Қорқыттың күйлерін жеткізе білді. Ілияс Молькбайды өз көзімен көрген. Күйлерін тындап, «Күй» поэмасын жазды. Ілиясқа шексіз алғыс. Өнер өшпейді. Молькбай - Паганини сияқты дүлдүл, дарын иесі. Паганиниге ескерткіш орнатылған. Байсақұлы Молькбай қобызшыға - еш ескерткіш орнатылмаған. Ол – өкінішті... - дейді.

Конференция материалын «Хабар» телеарнасының тілшісі Мыңжасаров Тілеуқабұл қазақ еліне және шет елдегі қазақ қауымдастығына теледидар арқылы

таратты. Осы конференциядан кейін, Ақсу ауданында Жансүгіровтегі мәдениет үйіне «Қобызшы Молькбай» есімі берілді.

\*\*\*

Оралбек Жақиянов еңбегімен зейнет қыла, жақсылықпен мерейі асты. Асықпай, анық басып, мақсатына жете білді. Жасаған істері баянды Оралбек Жақиянов 2007 жылы Қазақстан Республикасы Мәжіліс парламентінің депутаттығынан кейін «Самұрық-қазына» ұлттық әлауқат қорында кеңесші, Денсаулық сақтау министрлігінің құрылыс сала-сында директоры, Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық министрлігі «Агро-құрылыс Қазақстан» басқармасында бастығының орынбасары қызметтерін жасады.

Оралбек Жақиянов: - Жездем мен үшін өнегелі жан, әкемдей болды. Көкем Күлшекен екеуінен мен көптеген адамгершілік ылтипат пен өнеге үйрендім. Адамдармен қатынас орнатудың байыбы мен ортаға бейімделуді солардан көрген тәліммен қанықтым. Жездем маған шынайы қадырлы азамат. Дауыс шығарып немесе қатты сөз айтпайтын. Өнегелі ісімен жетелейтін. Ол ұлағатты еді. Ұлы Отан соғысында сегіз жыл оқ астында ғұмырын өткізген ардагер. Жеңіспен Берлинге дейін жетіп, соғысты Квантун армиясымен соғысып, Жапонияда аяқтаған. Түркісіб теміржолының саяси жағынан бастығы болған. Жоғарғы партия мектебін тамамдаған. Талдықорғандағы партия мектебін басқарған. КГБ қызметкері. Алакөл ауданында КГБ-ны басқарды. «Полковник» шенінде зейнетке шықты. Орден, медаль марапаттары екі тесін жабатын. Қызметіне адал, беделді, жан-жағы, қасындағылардан көмегін аямайтын, - дейді.

Дене бітімі тығыршықтай Оралбек Жақияновтың Төлебай ағасы Матай-да мектептің 10 сыныбын тамамдап, теміржол торабы паровоз депосында слесарлық жұмысқа орналасады. Санатты ойы Мыңтеңге анасының бір жағына шығып, еңбек табысымен көмек жасау. Ол ойы жүзеге асады. Он жеті жастағы Төлебай Ұлы Отан соғысына баруға өзі тіленеді. Соғысқа бару үшін жасына жас қостырып алып, көмелетке толған болып, 1942 жылдың жазында Ұлы Отан соғысына аттанады. Төлебай Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткені жөнінде Мыңтеңге ана хат алады. Хатта: «Жақиянов Төлебай – қатардағы жауынгер, Матай станциясында слесарь болып жұмыс істеген. 1943 жылы маусым айында майданда хабарсыз кетті», - делінеді. Мыңтеңге ана хатқа сенбейді. Сан қиындықты басынан өткізген аруана бұған да төзеді. Төлебай ұлынан Мыңтеңге ана өлшеулі ғұмыры, санаулы демі біткенінше, 1972 жылы марқұм болғанынша, үмітін үзбейді.

\*\*\*

Асыл туған азамат қай кезде де озады. Алматы облысының ҚХА қоғамдық кеңесінің төрағасы, Алматы облысы ардагерлер кеңесі Президиумының мүшесі Оралбек Жақиянов - сасық мансап қонсығы болмаған. Кісілік-кішілікті Оралбек Жақиянов қоғам қайраткері ретінде «Достық» үйінде көптеген ұлттық этномәдени бірлестіктерінде танылған тұлға. Жалпы «Достық» үйінің мақсаты – елдегі ұлттар арасындағы тыныштық пен достықты сақтау.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан облыстық қоғамдық кеңестер құрылады. Бүгіннен, өңірдің өткенінен елдің жағдайын білетін Оралбек Жақиянов Алматы облысына шақырылып, өзінің ордасындай болған Талдықорған қаласына оралады. Оралбек Жақияновтың елге оралғанына қуанып, құрмет тұтқан облыс әкімі Аңсар Тұрсынханұлы Мұсаханов екі бөлмелі үй бөліп, тарту жасайды.

Мұсаханов Аңсар Тұрсынханұлы - 2011 - 2014 жылдары Алматы облысының әкімі қызметін жасаған.

Алматы облыстық ҚХА жанындағы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов Астана қаласында өткен Қазақстан Ғылым Академиясының 17 сәуір 2017 жылы жиынына қатысып, қоғамды ғылым жүзінде қалай модернизациялау керектігін талқылайды.

Алматы облыстық ҚХА жанындағы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Оралбек Жақиянов:

- Халықтар ынтымақтастығы, сыйласуы үлкен нәтижеге қол жеткізеді. Бірлігі бардың - тірлігі бар. Президент осы мақсатта мықты дипломатиялық ұстанымды негіз жасады. Маңыздысы ел тыныштығы мен қауіпсіздігі. Қазақ елінің болашағы нұрлы болатынына сенемін, - дейді.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

(Жалғасы бар).

ӘДЕП КОДЕКСІ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘЛІПШЕСІ



адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметші – биліктің айнасы, оның түр-сипаты болып табылады. Алайда, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер күнделікті қызметінде, халықпен кездесу барысында өзін-өзі ұстау мен көпшілік алдында сөйлеу кезінде әдеп нормаларына сай келе бермейтін түрлі кемшіліктерге жол беріп алатын жағдайлар да кездеседі. Осыған орай мемлекеттік қызметші мемлекеттің мүддесіне және азаматтардың құқығына залал келтіретін іс-қимылдарға қарсы тұруға, заңмен белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым - қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез - құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Ерасыл СЕМБАЕВ, аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі үекілі.

Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне қоғамдық бақылау күшейіп отыр. Бүгінде түрлі әлеуметтік желілер қарапайым халық өз пікірін ашық айта алатын бірден - бір құрал болып тұр. Демек, әлеуметтік желілер арқылы қоғамның өзекті мәселелерін, мемлекеттік қызметшінің тарапынан қандай ерсі қылықтар орын алып жатқанын алақандағыдай көріп отыруға болады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық - адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір - қасиетін және қоғамдағы

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ – ЖОЮ МІНДЕТ

Жемқорлық дертіне қалай дұшар болдық?! Онымен күресті қайдан, қалай бастағанымыз дұрыс? Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары.

Сондықтан біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтарды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды. Сол себепті де, азаматтарымыздың жандүниесіне мөлдірлік сыйлар рухани байлығымызды кең тұрғыда насихаттаумен айналыссақ, жетер жетістігіміз толымды болмақ. Рухани байлық пен материалды байлықты тең дәрежеде ұстай алғанымызда ғана қоғамымыздың дамуы орнықты болары сөзсіз. Жеке тұлғаның адамгершілік санасының биіктігі оның алған тәлім-тәрбиесі, мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайтын өлшем

болып табылады. Әрбір тұлғаның өзіне тән барлық адами қасиеттері рухтан нәр алады. Ал жаман, жағымсыз қасиеттер нәпсінің көрінісі. Міне, осы себепті де біз жемқорлықпен күресті рухани сананы тазартудан бастасақ, әрбір адам нәпсінің тұтқындығынан босап, елі мен жеріне адал қызмет етер азаматқа айналар еді.

Жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау.

Біздің қоғам ақниетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет. Ол үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт.

Жаны таза, адал, елі мен жерін



көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Сонда ғана біз оны қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін жемқорлықтай келеңсіз әлеуметтік құбылыстан арашалай аламыз.

Сол себепті, ұлтжанды азамат тәрбиесіне селқос қараудан аулақ болған жөн. Қайта, бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді өрі нық қадам тас-тарымыз анық.

Айбек КЕЛЕБАТЫРОВ, Ақсу ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.

Біз бүгінде өркениетті еліміздің дамуына тұсау, кемелденуіне кедергі келтіретін қоғамдық дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресудеміз. «Жемқорлыққа жол жоқ» деп ұрандатып, мінберлерден ауызшымызды толтырып айқанымызбен, осының түп-тамырына қалай балта шабуға болады деген сауалға жауап іздеп жүргеніміз шамалы.

Осы уақытқа дейін жемқорлықпен күресу үшін түрлі әдістерді қолданып келдік. Оның ішінде, жемқорлық фактілерімен ұсталған азаматтарды жұмыстан қысқартып, ол лауазымға қайта орала алмайтын тәсілдерді қолдандық, айыпқа тарттық, соттадық, қатаң түрде жазалап, түрмеге айдадық. Алайда, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбедік. Себебі, біреуін жазалағанмен, оның орнына келген екінші біреу дәл сол қателікті назарда ұстап, жаңадан айна ояластырды. Тың амал табады. Адамнан қулық артылған ба?! Бар ойға алғаны өзінің материалдық деңгейін көтеру болғандықтан, ол да жемқорлыққа жол береді.

Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Яғни, оның сана-сезімін, сенімін, ішкі жан дүниесінің тазаруына ықпал етіп, жүрегіне иман ұялату. Біздің қоғам ақниетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет.

Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа жирене қарауы үшін біз қандай әрекет жасап, оларға қандай бағыт сілтей аламыз?! Бүгін, ертең демесек те, алдағы 10-15 жылдан кейін сыбайлас жемқорлықты толығымен ауыздықтан тастамасақ та, оның қазіргіден әлдеқайда әлсізденетіндігіне өз басым кәміл сенемін. Сол мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт.

Зулфия БАПЫШЕВА, Көкөзек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу жүйесі және мемлекеттік қызметшілердің әдебі: өзекті өзгерістер

Мемлекеттік қызмет – мемлекет пен қоғамның тиімді жұмыс істеуінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің лауазымдық міндеттерін орындап қана қоймай, сонымен бірге мемлекеттік биліктің бет-бейнесі болуы тиіс. Сондықтан Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметте әдеп пен мінез-құлық мәселелеріне ерекше талаптар қойылады.

Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби әдебіне жоғары стандарттар белгілейді. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңы мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттерінің адалдығын, әдептілігін және ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған мінез - құлық нормаларын мұлткіз сақтауды көздейді.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдарда жүйелі түрде семинар-кездесулер, дөңгелек үстелдер, әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер және өзге де түсіндірме және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Кездесулердің бірі 2024 жылғы қараша айында Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі, Жетісу облысының Кеңестің мүшесі, Жетісу облысының Е.Қошанбековтың қатысуымен Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің жеке құрамымен өтті.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың нормаларын түсіндірілді, сондай-ақ, Қазақстан

Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», Әдеп кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қамтылды. Бұған қоса, іскерлік мінез-құлық стилін сақтау қажеттілігі, құмар ойын мекемелеріне барудың алдын алу мәселелері және басқа да этикалық аспектілерге ерекше назар аударылды.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметшілердің моральдық жауапкершілігінің жарқын мысалдарының бірі ретінде – құмар ойын мекемелеріне барудан тартыну талабы айтылды. Құмар ойындар мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметіне әсер ететін факторлар тудыруы, мемлекеттік қызметшіге деген қоғамның сеніміне және оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлық пен мүдделер қақтығысының кез-келген қаупін болдырмау үшін жеке және кәсіби мінсіз болудың маңыздылығы жеткізілді.

Бүгінгі күні заманауи технологиялардың дамуы салдарынан онлайн-казинолардың кең таралуымен құмар ойындар немесе лудомания мәселесі барған сайын өзекті бола түсуде. Бұл тәуелділік өсіресе кәсіби қызметі жоғары жауапкершілік пен сенімді талап ететін мемлекеттік қызметкерлер үшін қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік қызметкерлер арасындағы лудомания сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғышарты бола алады және мемлекеттік органдардың беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік

қызметшілердің жалпыға бірдей іскерлік стильді сақтау мәселесі түсіндірілді. Мемлекеттік қызметшілердің іскерлік стилі - бұл олардың кәсіби келбетінің элементі болып табылады. Мемлекеттік қызметші қатаңдықты, ұстамдылықты және айналасындағы адамдарға құрмет көрсетуді қамтитын іскерлік стиль нормаларын сақтауға міндетті.

Кездесуде Департамент қызметкерлерімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» қамтылған мемлекеттік қызмет саласын жетілдірудің маңызды салалары айтылды.

Тұжырымдамаға сәйкес, мемлекеттік қызметті дамытудың пайымы біріншіден, мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделін қалыптастыру, екіншіден, мемлекеттік қызметті кәсібилендіру және HR-процестерді жетілдіру және басқару сияқты үш негізгі бағыты қамтиды. Осы үш бағыт өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын және мемлекет алдында тұрған міндеттерді тиімді шеше алатын заманауи, тиімді және ашық мемлекеттік қызметті құру үшін негіз қалыптастырады.

Бірінші бағыт бойынша басты басымдық қоғамның қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыруға бағытталатын қызмет көрсету және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау мәдениетін дамытуға, мінез-құлықтың командалық-әкімшілік моделінен сервистік моделіне көшуге беріледі. Проактивті мінез-құлық, азаматтардың өтініштеріне жедел ден қою, сондай-ақ мемлекеттік қызметте жаңа әдеп стандартта-

рын қалыптастыру қоғамның сенімі мен қанағаттану деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы қайта қарау мемлекеттік аппараттың жұмысы үшін неғұрлым тұрақты және орнықты құқықтық негіз құруды көздейді.

Екінші бағытындағы мемлекеттік қызметті кәсібилендіру гибриді модельге көшу арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл процесс жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік беретін меритократия қағидатын толық іске асыруды көздейді. Гибриді модельге көшу сонымен қатар іріктеу рәсімдерін жеңілдетуді және барлық кандидаттар үшін тең мүмкіндіктер беруді, жеке сектордан мамандарды тарту үшін кедергілерді жоюды және мемлекеттік қызметтің жалпы тартымдылығын арттыруды білдіреді. Сонымен қатар, мектеп кезінен бастап дарындыларды анықтау, қолдау және тәрбиелеу бағдарламасын әзірлеу жоспарланады. Сондай-ақ, бұл модель сыртқы кандидаттарды тартуға ғана емес, сонымен қатар жүйе ішіндегі жұмыс істейтін қызметкерлерді дамыту және ілгерілету үшін жағдай жасауға ықпал етеді. Мансап пен жалақыны басқарудың икемді және әділ тәсілдерін әзірленеді. Мемлекеттік қызметшілерге олардың жетістіктері, құзыреттері және мемлекеттік органдардың жұмысына қосқан үлесі негізінде мансаптық өсу мүмкіндігі енгізіледі.

Мемлекеттік қызметшінің оқу және тағылымдама бағдарламаларына белсенді қатысуын ынталандыру және қолдау көзделіп отыр. Бұл жерде, мемлекеттік қызмет жүйесі біліктілікті арттыру және дағдыларды дамыту үшін өртүрлі мүмкіндіктерді ұсына отырып, тұрақты кәсіби өсу тетіктерін қамтамасыз ететін болады.

Мемлекеттік қызметшілердің жалақысы олардың кәсіби жетістіктерімен және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысымен тығыз байланысты болады. Бұл тәсіл жоғары жұмыс нәтижелері үшін әділетті ынталандыру мен сыйақыны, сондай-ақ, үздіксіз оқу мен дамуға ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Үшінші бағыт: HR-процестерін жетілдіру және басқару шеңберінде қызметкерлерді ынталандыруға, ұстап қалуға және кәсіби құлдыраудың алдын алуға бағытталған заманауи HR-құралдарын әзірлеуге және енгізуге баса назар аударылатын болады. Тәлімгерлікті күшейту, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерін кеңейту, еңбек жағдайларын жақсарту, олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік қызметті цифрландыру негізгі аспектілер болып табылады.

Қорытындылай келе, жоғары әдептілік мәдениет пен қатаң моральдық стандарттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің негізі болып табылатынын атап өткен жөн. Құмар ойын мекемелеріне барудан тартыну, жалақы бірдей іскерлік стильді сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілікті көрсету — бұл нормалар ғана емес, сонымен қатар азаматтардың билікке деген сенімінің негізгі факторлары. Мемлекеттік қызметшілер елдің тұрақты дамуы мен халқының әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ашықтықтың, адалдықтың және кәсібиліктің үлгісі болуы керек.

Қ.МАНАП, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

## Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің теңдігі

елдерде гендерлік тепе - теңдікті сақтау үрдісі бүгінгі таңда өз арнасын тапты деуге толықтай негіз бар.

Қазақстан да тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуы қамтамасыз етуі тиіс осы демократиялық жолды ұстана бастады. Содан бері экономикалық және өмірдің барлық салаларына қатысуы қамтамасыз етуі тиіс осы демократиялық жолды ұстана бастады. Содан бері экономикалық және өмірдің барлық салаларына қатысуы қамтамасыз етуі тиіс осы демократиялық жолды ұстана бастады.

Гендерлік саясат – қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Мемлекетімізде гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді.

Оның негізгі функциясы – отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты «Қазақстан Республикасындағы Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» деп аталатын кешенді мемлекеттік саясатты жүйелі түрде іске асыру.

Тұжырымдамада «Гендерлік саясат саласындағы қол жеткізілген нәтижелер мен проблемалар», «Халықаралық тәжірибені шолу», «Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясатты дамытудың пайымы», «Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері», «Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер», «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары» деп аталатын тақырыптар қамтылады.

Қазақстандықтардың көпшілігі үшін отбасы – маңызды құндылық. Дегенмен, қоғамда отбасы институтының маңыздылығына қарамастан, ажырасулар және некесіз бала туу азаймаған.

Ер адамдардың гендерлік жағдайдағы еркіндігі әкелердің бала тәрбиесіне аз қатысуына әкеліп соғады. Баланы асырау үшін алимент төлеуде де мәселе тудырады. Жаппай сауалнама деректері ерлердің өз балаларымен өзара қарым-қатынасқа қатысуының айтарлықтай төмен деңгейін көрсетіп отыр.

Тұжырымдама кезең-кезеңімен жүзеге асырылғанда көптеген нәтижелерге қол жеткізілетін болады.

Гендерлік теңдік деңгейі жоғарылаған сайын, отбасы мүшелерінің ерқайсысының тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік - тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе - теңдігі де жоғары болатынын түсінуге тиіспіз.

Сондықтан отбасы және гендерлік саясат туралы қабылданған жаңа тұжырымдаманы әйелдердің өзін - өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағыттағанын жеткізген Президент бастамасы халқымыз тарапынан үлкен қолдау табуға. Себебі, әрбір әйел өз отбасында бақытты, қызметінде табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты.

**Ажар РАЗБЕКОВА,**  
аудандық соттың  
бас маманы.

## №5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖАҚСЫЛЫҚОВ ТАНАТ БАЛТАБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Жақсылықов Танат Балтабекұлы, 1974 жылы 17 желтоқсанда Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Қаракөз ауылында дүниеге келдім.

1990 жылы Қаракөз ауылындағы Қызылорақ орта мектебін аяқтадым. 2002 жылы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітірдім.

Еңбек жолымды 2003 жылдан бастап Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі болып қызмет атқарамын. Жұбайым және 4 балам бар.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде мына мәселелерге назар аударамын:

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының орындалуына атсалысу;

- мемлекеттік бағдарламаларға бюджет тарапынан бөлінетін қаражаттың тиімді және мақсатты жұмсалыуын бақылауға алу;

- №5 бірмандаттық сайлау округіне қарасты Қаракөз, Жаңалық және Ойтоған ауылдық округтеріне қарасты елді мекендердің әлеуметтік – экономикалық даму мәселесіне шешуге ықпал ету;

- 2025 - 2027 жылдары Ойтоған ауылының Жансүгіров, Жанбай, Абай көшелеріне, Жаңалық ауылының Құмжарған, Абай, Баубек көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына ықпал ету;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге атсалысу;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізу, патриоттық, ел жандылық тәрбие беру, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге атсалысу;

- Ақсу – Жаңалық, Ақсу – Қаракөз, Ақсу – Ойтоған ауылдарының арасындағы автомобиль жолдарының орташа жөндеуіне ықпал ету;

- Жаңалық ауылының Құмжарған,



Абай, Амангелді, Қазанғап көшелеріне көше жарығының орнатылуына ықпал ету;

- Ойтоған ауылында орналасқан І.Жансүгіров атындағы орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарына ықпал ету;

- Қаракөз, Кеңғарын, Ойтоған, Жаңалық ауылдарында салынған шағын футбол алаңдарының қайта жөндеуден өтуіне ықпал ету;

- Жаңалық ауылдық округіне қарасты 4 (15шқ), Қаракөз ауылдық округіне қарасты 6 (81шқ), Ойтоған округіндегі Ащылыөзек (55шқ) каналдардың жасалынып, заңдастырылуына және оған қаржы бөлінуіне ықпал ету;

- Облыстық маңызы бар Жансүгіров – ст. Матай автомобиль жолының 0-97 шақырымының 50-97 (Ойтоған-Матай) учаскесіне жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізіліп, уақытында аяқталуына ықпал ету.

### Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы ауылдардағы мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!



## №5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ЖҰМАГЕЛДИН ЕЛАМАН ЖҰМАГЕЛДІҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы, 1995 жылы 25 сәуірде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Көкөзек ауылында дүниеге келдім. 2002 жылы Қ.Терібаев атындағы орта мектебіне барып, 2011 жылы Ақсу Политехникалық колледжіне оқуға түсіп, 2013 жылы азаматтық борышымды өтеуге әскерге бардым. 2015 жылы оқу орнын аяқтадым. Алғашқы еңбек жолымды 2017 жылы Көкөзек ауылдық мәдениет үйіне музыкалық жетекші болып жұмыс атқарудамын. 2017 жылы Сарқан гуманитарлық колледжіне түсіп, 2020 жылы аяқтадым.

Жанұялымын, 3 балам бар.

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Мен, Көкөзек ауылынан шыққан қарапайым ауыл азаматымын. Ауыл

мектебінде оқыдым, ауылда өстім, ауылдың тыныс-тіршілігі маған ерекше жақын.

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуына үлес қосатын боламын.

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесуге;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге;

- мәдениет саласындағы мәселелердің шешімін табуға;

- жастарға қолдау көрсетуге, және әр түрлі шаралар өткізуге;

- ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шараларды ұйымдастыруға ықпал ететін.

### Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп маған дауыс берсеңіздер осы бағдарламаны өздеріңізбен бірге жүзеге асыруға еңбек ететін боламын!

## №5 БІРМАНДАТТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР ТҰРАР БАҚЫТЖАН БОЛАТБЕКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Тұрар Бақытжан Болатбекұлы, 1997 жылы 10 қыркүйекте Алматы облысы, Ақсу ауданында дүниеге келдім. 2004 жылы Абай атындағы орта мектебіне барып, 2015 жылы Қарағанды қаласындағы Өбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетіне оқуға түсіп, 2019 жылы қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі мамандығын бітірдім.

Еңбек жолымды 2022 жылдан бастап, «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің инспекторы болып жұмыс атқардым. 2023 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бас маманы қызметін атқарудамын.



### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

№5 бірмандаттық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихатына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылып отырғандықтан, алдағы уақытта алдыма төмендегідей мақсаттар қоямын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыруға;

- «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылуын қадағалап, орындалуына үлес қосуға;

- Ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысуға;

- ауыл тұрғындарының тұрмыс тіршілігін жақсартуға, тұрмыс деңгейі төмен және көпбалалы отбасыларының әлеуметтік жағынан қорғалуына көмектесу;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсетуге;

- ауыл жастарымен әр түрлі деңгейде шаралар өткізуге, патриоттық, ел жандылық тәрбие беруге, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтамасыз етуге;

- жасөспірімдер мен жастар арасында спортқа тартуға, бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттау бағытында жұмыстарды ұйымдастыруға үлесімді қосатын боламын.

### Құрметті сайлаушылар!

Сіздер маған сенім артып, 2024 жылдың 8 желтоқсан күні сайлау учаскесіне келіп дауыс беріп, аудандық мәслихат депутаттығына сайласаңыздар, осы бағдарламаны жүзеге асыруға бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

**ТҰРЫСБЕК ҚАЖЫ МАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!**

**ТҰҢҒЫШ МЕКТЕП АШҚАН МЕЦЕНАТ**



Егеменді ел болып, еркіндік алған Қазақ елі бүгінгі таңда өзінің түпкі тарихына тереңдеп бойлай бастады. Тарих деген – ел тағдыры десек, сол елі мен жері, келешек ұрпағының бақыты, бостандығы үшін күрескен, халқының басына түскен тауқыметті қайыспай көтерген батырларын, қара қылды қақ жарып, әділеттің жақтаушысы болған би – көсемдерін, көріпкелді әулиелерін, елінің дамуына үлес қосқан ұлы тұлғаларын танып - білу бүгінгі ұрпақ үшін қажеттілікке айналды.

Ақсу жерінің қасиетті топырағы да елден адал, дана туған, көптен дара тұрған, еліне қорған болған, жұрты көсем деп мойындаған сондай кесек жандардан кенде болған емес. Солардың бірі - биыл Тұрысбек қажы Мамановтың туғанына 180 жыл толып отыр. Тұрысбек қажыны қазақ даласында меценаттықтың негізін қалаушылардың бірегейі деп атауға толық негіз бар. Қазақ тарихында ауқатты, ірі бай көп болғанымен, солардың ішінде халық игілігіне, елінің дамуына үлес қосқандары санаулы ғана еді. Тұрысбек қажы орыс империясының қазақ жерінде жүргізген озбыр саясатына қарамастан халықтың сауатын ашу мақсатында мектеп ашты. Ақсу ауданындағы Мамания мектебіне де биыл - 125 жыл.

Тұрысбек қажы Баянжүрек - Ақтасты қыстауында 1844 жылы дүниеге келген. Атақты Қыдыралы руынан тарайды. Әкесі Маман Қалқабайұлы мал шаруашылығын кәсіпке айналдырған ауқатты би болды.

Тұрысбек балаларының үлкені болғандықтан жас кезінен әкесіне көмектесе жүріп, еңбекке ерте араласты. Ол Қапал қаласында «Якобия» төртжылдық мектебінде оқыған. Еңбек жолы Қапал қаласынан басталады. Орыс, татар, өзбек тілдерін жетік меңгергені оған көп пайдасын тигізді. Тілді білуі мен сауаттылығы сол жердегі орыс офицерлермен, ірі бай саудагерлермен еркін сөйлесіп, тығыз араласуына мүмкіндік ашты. Сол

кезде татардың Шаяхмет атты бай саудагері Тұрысбектің сауда - саттықпен айналысуына ықпал етті.

Оның саудаға түсетін негізгі тауары малы болған, жыл сайын жаз айларында Орта Азия - Наманган, Андижан, Самарқан, Ташкент, Бұхара қалаларының үлкен жәрмеңкелеріне отарлап 60 мыңға дейін қой айдатып, өзбек саудагерлеріне өткізген. Ақсу, Қапал, Сарқан, Жаркент, Лепсі, Семей, Өскемен өңірлерінде өзінің сауда орталықтарын ашады. Сонымен қатар, сол кездегі ең ірі Қоянды жәрмеңкесіне мыңдаған қой айдатып, саудагерлерге сатады. Тұрысбек қажы көп жыл бойы Қытай, Ресей саудагерлерімен іскерлік байланыста болады. Тұрысбектің тұрған жері Жібек жолының бойында болғандықтан Қытай, Құлжа, үрімшіге баратын керуендер осы жолмен өтетін. Сол жерге керуен сарайын да салдырады. Бұл бағытпен өткен керуенге Тұрысбек жол ақысын, яғни, кеден салығын енгізген.

Тұрысбек қажы 1880 жылдары Сүттіген өзенінің бойындағы үлкен алқапты жерді сатып алады. Ол жерге туған-туыстарымен, балаларымен қосылып, өзінің қыстауын, елу шақты көк шатырлы Еуропа үлгісіндегі зәулім үй, мұнаралы мешіт, медресе, тігін фабрикасын және диірмен салғызады, осылай Қарағаш қалашығы бой көтереді. Наманганнан бағбан алдырып, бау-бақша өсіреді. Қарағаш қыстауы нағыз шаруашылық мекеніне айналады.

Тұрысбек қажының сол кездегі ең зор жетістігі – 1899 жылы Қарағаш ауылында «Мамания» медресесін ашуы. Оның басқа медреселерге қарағанда өзіндік ерекшелігі болды. Медресенің үлгісі мен талабына сәйкес алғашында оның оқу мерзімі 3 жылдықтан басталып, 1904 жылы 6 жылдыққа, кейін 1909 жылы 8 жылдыққа ұзартылған. Бұл мектептің мұғалімдері Мұстақым Малдыбаев, Мұхаметқали және Фатима Есенгельдиндер, Файзрахман Жиһангеров және тағы басқалары Түркия, Қазан, Уфа қалаларында оқыған. Оқушылардың саны 60 баладан жыл сайын көбейіп, 1918 жылы 200 шәкіртке жеткен. Тұрысбек қажы үздік бітірген М.Ермектасов, Ә.Каримов, М.Еркинбеков және тағы басқа тұлғаларды өз қаражатымен Қазан, Омск, Орынбор қалаларындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияға жіберіп, мектепті білімді ұстаздармен қамтамасыз етіп отырған. Ал Мұхаметжан Тынышбаевтың ерекше талабын бағалап, оның жоғары оқу орнына түсуіне қамқорлық жасаған.

Тұрысбек қажы Таяу Шығыстағы араб елдерін аралаған. 1868 және 1903 жылдары екі рет қажылыққа барған.

**Ардақ ҚҰМАРОВА,**  
**І.Жансүгіров атындағы тарихи – өлкетану музейінің директоры.**

**БІЛІКТІ МАМАН, АҚЖҮРЕК АЗАМАТША**

Өмір жолындағы елеулі сәттердің бірі – зейнетке шығу кезеңі. Себебі, адам баласы үшін қандай да бір қызметтің, мансап жолының аяқталар тұсы болады. Ал, бір салаға талай жылын арнап, сол бір жұмыстың тасын өрге домалату үшін білімі мен еңбегін аямаған жандарға жылы лебіз айту ерекше құрмет болып саналады.

**ИСАЕВА РАУШАН БАЙДҮЙСЕНҚЫЗЫ** өзінің еңбек жолын 1979 жылдан бастаған болса, соның 1996 жылдан бергі кезеңде әлеуметтік қорғау саласында үздіксіз еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлік жасқа келіп отыр.

Халыққа қызмет көрсетудің ең қажетті де қашанда өзекті саласы – әлеуметтік саланы дамыту мен жетілдіру ісіне көп жылдар бойы аянбай еңбек етіп келген Рау-



шан Байдүйсенқызының тұлғасы алдыңғы қатардан орын алады. Өз ісіне берілгендігі мен кәсіби шеберлігі, әділдігі мен адамгершілігі

үшін әріптестері Раушан Байдүйсенқызын білікті маман, ақжүрек азаматша ретінде құрмет тұтып, сыйлайды.

Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында Зәуре, Нұрлан, Жанна және Әрлен есімді ұл - қыз тәрбиелеген мейірман ана, Жанаттай ер азаматқа асыл жар бола білген жан.

Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз! Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Ағайын-туыстың құрметін, немере мен шөберелердің шу-күлкисін, ұл-қыздарыңыздың қуанышты шақтарын ғана көріп, әдемі ғұмыр кешіңіз!

**ҚҰРМЕТПЕН:**  
**Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұжымы.**

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БҰРХАНБҰЛАҚ САРҚЫРАМАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ**

Жетісу облысының ең негізгі табиғи әрі туристік көрнекті жерлерінің бірі – Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын жолдың құрылысы келесі жылы басталады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданының тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Ескелді ауданы – туристік әлеуеті жоғары өңірлердің бірі. Осы жылдың 10 айында туристерді қабылдайтын нысандарда 41 мың адамға қызмет көрсетіліп, соның ішінде ақылы қызмет көрсету көлемі 25 млн. теңгеге жетті. Осы ретте Бұрханбұлақ сарқырамасына апаратын 31 км. автожолды жөндеу жұмыстары келесі жылы басталатынын атап өту керек. Бұл мақсатқа 2025 жылы республикалық бюджеттен 3 млрд. теңге қаражат бөлінеді. Сондықтан туризмді дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартып, жаңа қонақ үйлер, демалыс базаларын салып, жолдарды жөндеу қажет. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілер арқылы көрікті жерлерді кеңінен насихаттап, экотуризм мен агротуризм бағыттарын дамыту керек, - деп атап өтті өңір басшысы Б.Исабаев.

Еске салсақ, Жетісудың туризм саласы 5 дестинацияның әлеуетін тірек етеді. Олар - Алакөл мен Балқаш көлдері, «Алтынемел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парктері, Жоңғар Алатауының таулы алабы.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**  
**Фотограф: Жеңіс ЫСҚАБАЙ.**



**Тіл тазалығын сақтау – парыз**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі – ресми тіл мәртебесіне ие.

Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады», - деп атап көрсетті.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі – әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл.

Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауыспа және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан аша жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Сондықтан ана тіліміздің мәртебесін биіктету, қолданыс аясын кеңейтуге әрбір қазақстандық үлесін қосуға міндетті деп білеміз.

Сөз мәдениеті, жазу, сөйлеу әдеби, ерекшеліктері дегенде назарға алынатын тұс – тілдің тазалығы. Жазу мен сөйлеуде әдеби тіл нормасына жатпайтын, тіл көркемдігін бұзатын артық-ауыс сөздерді қолданбау қажеттігін барлығымыз білеміз.

Әдеби тіл – өңделген, сұрыпталған, сол тілде сөйлеушілердің барлығына түсінікті



тіл. Ендеше, белгілі бір тілде таза жазу, сөйлеу дегеніміз ойға қажетті сөзді таңдауда оның қолданыс сипатына, сөйлеуші халық тіліне алыс-жақындығына қарай аламыз. Тілдің қызметі халықтың қоғамдық-өндіріс, қоғамдық-саяси, сондай-ақ рухани байлығын көрсете, аша алуында.

Тіл тазалығы айтар сөзге, ашар ойымызға пайдасы шамалы, қажеті мәнсіз орны белгісіз сөздермен әуестенбеуді талап етеді. Басқа тілден енген сөздерді мүлде сөздік қордан да шығарып тастай алмаймыз. Десек те, оны қолданудың орнын, ретін тапқан жөн. Әрине, көркем әдебиетте белгілі бір ортаның ерекшелігін ашу үшін қаламгер басқа тілден енген сөздерді, диалектілер мен варваризмдерді пайдаланады. Бірақ, бұның өзі шығарма шырайын ашса ғана мақсаттың өтелгені. Көпшілік алдында неғұрлым әдеби тілде жинақы, ретті сөйлеу қажет болса, жазуда да әдеби тіл нормасына жатпайтын (диалект, варваризм, булгаризм, дисфемизм, былапыт сөздер т.б.) сөздерді жөнсіз қолданудан аулақ болған жөн.

Тіл тазалығы, тілдік нормадан ауытқымау дегеніміз – тілді бір ізбен

қолдану емес, көркемдік тәсілдердің орнын тауып, қисынын келтіріп сөйлеу немесе жазу. Сөз қайталау, сөйлем құрылымын ретсіз қою, жеке-леген сөздердің мағынасына терең талдау жасамай қолдана салу немесе орынсыз бір-бірімен тіркестіру тіл тазалығын бұзады. Сөйлемдегі сөздердің мағынасы анық, әрі өз орнына қойылуы, сөйлем ішіндегі сөздермен лексика-грамматикалық, стильдік жоғынан сәйкес келіп, ойды ашуға қызмет етуін назарға ұстау керек.

Сөздердің бір - бірімен тіркесу мүмкіндігін ескеру – тіл тазалығын сақтаудың шарты. Тілдегі синонимдер мағынасы жуық, бір сөз табына қатысты, түрлену сипаттары да ортақ болып келеді. Бірақ, олар бірін-бірі үнемі ауыстыра бермейді. Мысалы, әдемі ойыншық әдемі сөз дегенде әдемі сын есімі ойыншық, сөз есімдерімен тіркескенімен әдемі жылқы, әдемі тіл деу сөзді бұзады. Сол сияқты қаламы жүйрік дегенімізбен қарындашы жүйрік деп айта алмаймыз.

Тіл – халықтың сан ғасырлық тарихы. Тіл – асыл қазына, рухани мұра. Кез келген ұлт әлемге тілі арқылы танылады. Түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең көркем, мәнді де мағыналы тіл – қазақ тілі. Халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Олай болса, қоғамда ана тіліміздің беделін биік көтеруге, мемлекеттік тілге деген қажеттілікті қалыптастыруға әрқайсымыз үлесімізді қосайық.

**Гүлшат БОЛЫСБАЕВА,**  
**Б.Сыртанов ауылдық клубының музыкалық жетекшісі.**

**Қыс – 2024**



2024 жылдың 21 қарашасында, «Қыс - 2024» оқу-жаттығулардың аясында, Ақсу ауданының қысқы төтенше жағдайларға әрекет ету күштер мен құралдардың дайындығы тексерілді. Оқу - жаттығуларға 45 адам 22 дана техника жұмылдырылып, қысқы төтенше жағдайлар кезіндегі іс - әрекетке практика жүзінде машықтану жүргізілді. Аталған шара бойынша практикалық жаттығу Жансүгіров - Көкөзек ауылы тас жолында өткізіліп және қыс мезгіліне дайындық жұмыстары тексерілді.

**Т.ЗЕЙНОЛДАНОВ,**  
**Ақсу ауданы ТЖБ бастығының м.у.а азаматтық қорғау майоры.**

**"АҚСУ Өңірі"**  
**Меншік иесі - ЖШС**  
**"Ақсу өңірі" газеті"**  
**Құрылтайшы, директор - бас редакторы**  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
**ЛӘЗЗАТ**  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

*Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күздік №15701-Г*

*Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.*  
Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
**Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде**  
**Тапсырыс 488**  
**Осы шығарылымның таралымы 2209**

**Директор - бас редактор**  
**- 2-12-90,**  
**жауапты хатшы**  
**- 2-12-90.**  
**Электрондық пошта:**  
**aksuoniri@mail.ru**  
**Газеттің ресми сайты**  
**aksuoniri.kz**  
**Индекс: 66750**  
**Офсеттік басылым көлемі 26 т.**